

ЖАҢАЛЫҚТАР

Самат Смақов "Атырау" футбол клубының бас бапкері болып тағайындалды

9 тамыз 2026 жыл, 11:05



Самат Смақов

Қазақстандық спорт маманы Самат Смақов "Атырау" футбол клубының бас бапкері болып тағайындалды. Бұған дейін осы қызметі атқарған Владимир Чебурин Чебурин клуб басшылығы ауысқаннан кейін тараптардың өзара келісімі бойынша қызметінен кеткенін айтқан еді деп [жазды](#) атыраулық "Ақ Жайық" басылымы.

Смақов бұған дейін Шымкенттің "Ордабасы" командасында жұмыс істеген. Кейін ол Семейдің "Елімай" клубын басқарған кезде команда Қазақстан премьер-лигасына шыққан. Сондай-ақ Смақов "Астана" клубында техникалық директор, "Жетісу" командасында бас бапкер болды.

Самат Смақов кезінде футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы қатарында 76 ойынға қатысқан, алты рет Қазақстан чемпионы атанып, елдің үздік футболшысы атағын төрт мәрте иеленген.

"Атырау" командасы Қазақстан премьер-лигасының осы маусымындағы 19 ойыннан кейін 19 ұпаймен турнир кестесінде 13-орында тұр.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

● Қазақстан құрамасына шетелдік бапкер келді. Джон ван'т Схип кім?

● UEFA 2030 жылғы әлем кубогына бойкот жариялау идеясынан бас тартпайды

● Жаппай қарсылықтан соң FIFA басшысы жарыстарға жеке инвестор тарту идеясынан бас тартты

● "Ғажап старт". Дастан Сәтпаев "Челси" сапындағы алғашқы ойынында гол салды

● Бұрынғы министрдің орынбасары Ерлан Қожағапанов бостандыққа шықты

Айдар

- ЖАҢАЛЫҚТАР
- ЖАЛПЫ АРХИВ